

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету
комитетінің Қостанай облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті**

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің «№ 11 бөбекжайы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын
мемлекеттік аттестаттау нәтижесі туралы қорытынды**

Қостанай қаласы, 2023 жыл

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің «№ 11 бөбекжайы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын
мемлекеттік аттестаттау нәтижесі туралы қорытынды**

Қостанай қаласы

«15» қыркүйек 2023 жыл

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа ала, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығына сәйкес, (одан әрі – Бағалау өлшемшарттары), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қостанай облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің (одан әрі - Департамент) 2022 жылғы 10 қарашадағы №285 бұйрығымен бекітілген 2023 жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын Қостанай облысының білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде, 2023 жылдың 11-15 қыркүйегі аралығында Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№11 бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының мемлекеттік аттестаттауы бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысаны ретінде өткізілді.

Мемлекеттік аттестаттау Департаменттің 2023 жылғы 7 қыркүйектегі №341 бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда өткізілді:

Игисинава Айман Шаймерденовна, Департамент басшысының орынбасары, комиссия төрайымы;

Аужанова Жулдыз Женисовна, Департаменттің білім беру қызметін лицензиялау бөлімінің бас маманы, комиссия мүшесі, сарапшы;

Аймухамбетова Самира Абаевна, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауданы білім бөлімінің «Гүлдер» бөбекжайы» КМҚК әдіскері, комиссия мүшесі, сарапшы (келісім бойынша);

Шаймерденова Асель Нурахметовна, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауданы білім бөлімі» ММ әдіскері, комиссия мүшесі, сарапшы (келісім бойынша);

Шектыбаева Шнар Муратовна, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Лисаков қаласы білім бөлімінің «Мұрагер» бөбекжайы» КМҚК тәрбиешісі, комиссия мүшесі, сарапшы (келісім бойынша).

Комиссия Бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру

қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарының сәйкестігіне талдау жүргізді.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№11 бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ұсынған өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізілді.

Мектеп мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беретін бағдарламаларын, бастауыш білім берудің бағдарламаларын іске асырады.

| 1. Білім беру ұйымы туралы жалпы ақпарат | |
|---|---|
| 1) | Білім беру ұйымының толық атауы - Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№11 бөбекжайы», ЖСН/БСН 970140003781. |
| 2) | Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы, нақты орналасқан жерінің мекен-жайы) - Қазақстан, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Шағын ауданы 7, үй 14А, пошта индексі 110000. |
| 3) | Заңды тұлғаның байланыс деректері- жұмыс телефоны: 87142227450, sad11@kst-goo.kz |
| 4) | Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: (басшының аты-жөні, тағайындау туралы бұйрықтың реквизиттері). Сабитова Бейбигуль Бектурсыновна, директор, жұмыс телефоны – 87142227450, «Қостанай қаласының білім бөлімі» ММ директорды тағайындау туралы 2023 жылғы 18.08. №462 ЛС бұйрығы. |
| 5) | Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (заңды тұлғаны тіркеу немесе қайта тіркеу туралы анықтама/куәліктің көшірмесі және Жарғының көшірмесі қоса беріледі). Жарғы 2021 жылы Қостанай облысы әкімдігінің 25 тамыздағы № 401 қаулысымен бекітілген. Жарғының 12-тармағы бойынша, №13 бөбекжайы қызметінің мәні мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, 35-тармағына келісе оқыту мемлекеттік тілі болып табылады. |
| 6) | Рұқсат беру құжаттары (білім беруге лицензия және оған қосымша және /немесе мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы № KZ16RVK00036186 хабарлама 21.09.2021 жылы берілген. Заңды тұлғаның орналасқан жерінің/жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайлары 110000, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай Қ.Ә., Қостанай қ., Шағын ауданы 7, үй 14А. 2022-2023 оқу жылында 14 топ ұйымдастырылған. |

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкестігі.

Сараптау нәтижесі: 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарға арналған жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері ұсынылды (ЖОЖ). ЖОЖ Қостанай қаласы білім беру бөлімінің басшысымен келісіліп, бөбекжай меңгерушісімен бекітілген.

2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында ЖОЖ мемлекеттік тілдегі ерте жас, кіші, ортаңғы, ересек, мектепалды топтарына құрылған, апталық оқу жүктемесінің көлемі: ерте жас топтары 7 сағат; кіші жас топтары 9 сағат; ортаңғы топтарда 12 сағат; ересек топтарда 14 сағат; мектепалды даярлық топтарында 20 сағат және ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы: ерте жас топ 7-10 минут; кіші жас- 10-15 минут; ортаңғы топ – 15-20 минут; ересек топ – 20-25 минут; мектепалды даярлық тобы – 25-30 минутты құрайды. ЖОЖ білім беру салалары, ұйымдастырылған оқу іс әрекеті, апталық оқу жүктемесі, инвариантты және вариативті компонент, ең жоғары оқу жүктеме сақталған. ЖОЖ іске асыратын кестелер ұсынылды, ондағы жүктеме Үлгілік оқу жоспарлардағы оқу жүктемемен сәйкес келеді.

2022 жылдың 01.09. қарасты 274 тәрбиеленуші бар, олар 14 топқа реттелген:

- түрлі жастағы «Сылдырмақ» тобы -18 бала (1-2 жастағылар);
- түрлі жастағы «Ақбота» тобы -19 бала (1-2 жастағылар);
- түрлі жастағы «Балапан» тобы -20 бала (1-2 жастағылар);
- кіші топ «Балдәурен» – 22 бала (2 жастағылар);
- кіші топ «Жұлдызша» – 21 бала (2 жастағылар);
- кіші топ «Құлыншак» – 24 бала (2 жастағылар);
- ортаңғы топ «Қызғалдақ» – 30 бала (3 жастағылар);
- ортаңғы топ «Қарлығаш» – 29 бала (3 жастағылар);
- ортаңғы топ «Шаңырақ» – 29 бала (3 жастағылар);
- ересек тобы «Көгершін» – 29 бала (4 жастағылар);
- ересек тобы «Көбелек» – 26 бала (4 жастағылар);

| | |
|----|--|
| | <p>- ересек тобы «Қуыршақ» – 26 бала (4 жастағылар); - мектепалды тобы «Балбөбек» – 22 бала (5 жастағылар); - мектепалды тобы «Ақерке» – 22 бала (5 жастағылар).</p> <p>2022-2023 оқу жылы ЖОЖ 14 топқа жеке құрастырылған. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша кіші жас топтарда «Дене шынықтыру» аптасына 3 рет, музыка аптасына 1 рет, ортаңғы топтарда «Дене шынықтыру» аптасына 3 рет, «Қазақ тілі» - 1 рет, «Музыка» - 1 рет, ересек топтарда «Дене шынықтыру» аптасына 3 рет, «Қазақ тілі» -1, «Музыка» - 2 рет, мектепалды топта Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті аптасына 20 сағат ұйымдастырылған: «Дене шынықтыру» аптасына 3 рет, «Сөйлеуді дамыту» 2 сағат, «Көркем әдебиет» – 2 сағат, «Қазақ тілі» - 2, «Сауат ашу негіздері»– 3 сағат, «Математика негіздері» -3сағат, «Қоршаған ортамен таныстыру» -2 сағат, «Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру» - 1 сағат, «Музыка» - 2 рет. Сонымен қатар, күнделікті жүргізілетін іс-әрекеттер: дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка көрсетілген. Ұсыныс: ЖОЖ құрастыру барысында Үлгілік оқу жоспарларға сүйене, ерекше білім алуға қажеті бар балалар бар топтарда түзету компонентін жазу. Ұйымдастырылған қызметтің кестесі берілген, олардағы оқу жүктемесі ЖОЖ жүктемемен сәйкес келеді. Солайша, №13 бөбекжайының ЖОЖ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 жылғы № 394 бұйрығымен өзгерістер енгізілген редакциясында) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес құрастырылған (1, 2, 3-қосымшалары); ұйымдастырылған қызмет Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкес.</p> |
| | <p>ҚОРЫТЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкес келеді.</p> |
| 2) | <p>білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру.</p> |
| | <p>Сараптау нәтижесі: 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарындағы ұйымдастырылған іс-әрекет кестелері, күн тәртібі, перспективалық жоспар мен</p> |

циклограммалар ұсынылды. Талдау үшін берілген құжаттарды зерттеу барысында балаларды таңғы қабылдаудан бастап кешке үйге кетуіне дейін барлық режимдік сәттер орындалатыны анықталды. Әр топтың күн тәртібінің уақыты ретімен нақты көрсетілген. 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарының жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізіне сүйеніп құрастырылған және "Денсаулық", "Таным", "Қатынас", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларын қамтиді. Жұмыс оқу жоспарында көрсетілген апталық оқу жүктемесінің көлемі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді. ЖОЖ зерттеуі вариативті бөліктің толық көлемде орындалғанын көрсетеді. Вариативті бөлікте тәрбиешілер ISBN номерімен бекітілген бағдарламаларын қолданады. Перспективалық жоспарлары білім беру саласы бойынша және өтпелі тақырыптарға байланысты жазылған, мазмұны мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасына негізделеді. Перспективалық жоспарға сәйкес әр аптаға арналған циклограммалар жасалған. Әдіскер қолы циклограммаларға қойылған, бұл балалармен тәрбие және білім беру жұмысын бақылауды жүзеге асыруын көрсетеді. Ұсыныс: перспективалық жоспарлауда тәрбиеленушілер қызметінің циклограммасына сәйкес ұйымдастырылған оқу іс әрекетін өткізу күндерін көрсету.

2022-2023 оқу жылына перспективалық жоспарлар әр айға құрастырылған, онда ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны енгізілген. Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін міндетті түрде орындауды көздейді. Тәрбиеленушілер қызметінің циклограммасында перспективалық жоспарға сәйкес ұйымдастырылған оқу іс әрекетін өткізу күндері көрсетілген. Циклограммалар әр айдың әр аптасына жазылған, онда ұйымдастырылған іс-әрекеттер, міндеттер, қолданылатын дидактикалық ойындар, тақырыптар, жаттығулар, балалармен жеке жұмыстар жазылған. Аралас топтарда балалардың жастарына қарай ЖОЖ, ҰОҚ кестесі, циклограммалары жасалған.

2021-2022 оқу жылында ерекше білімді қажет ететін балалар болған жоқ; 2022-2023 оқу жылында ерекше білімді қажет ететін 6 бала, ПМПК қорытындысы бар. Оның ішінде: ОНР 1 деңгей - 2бала; ОНР 2-деңгей- 1; ЗПР+ОНР 1-2; ЗПР-1. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға инклюзивті білім беру іске асырылады, педагог-психолог, логопед қызмет көрсетеді, циклограммалар, жұмыс жоспарлары, бақылау парақтары, ұсыныстар, жеке парақтар жүргізіледі.

| | |
|----|--|
| | <p>ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 4-тармағының 4-тармақшасына сәйкес келеді.</p> |
| 3) | <p>Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау.</p> |
| | <p>Сараптау нәтижесі: ұсынылған 2-қосымшаға, ҰББДҚ келісе, 34 педагог қызмет атқарады, олардың 28 – тәрбиеші, 1 дене шынықтыру нұсқаушысы (бейіні бойынша жоғары білімді), 2 музыкалық жетекші (екеуі де бейіні бойынша жоғары білімді), 1 психолог (бейіні бойынша жоғары білімді), 1 логопед (бейіні бойынша жоғары білімді), 1 әдіскер (бейіні бойынша жоғары білімді) және директор. Тәрбиешілердің барлығында мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру бейіні бойынша білімі бар, олардың 23 – кәсіптік және техникалық, 6 – жоғары білімді. Солайша барлық педагогтардың мамандықтары бейіні бойынша сәйкес келеді, жоғары білімі бар педагогтар саны – 14 немесе 37,8%. Барлық педагогтар 2019-2023 жылдары аралығында аттестаттаудан өтіп, біліктіліктерін көтерген: 2019 жылы – 7 педагог, 2020 – 2 адам, 2021 жылы – 9 адам, 2022 жылы – 2 педагог, 2023 жылы 11 педагог, олардың 7- педагог-сарапшы, 10 – педагог-модератор, 5 – педагог, 3 – педагог-стажер, 2 – бірінші санатты, 7 – екінші санатты. Біліктілікті арттыру курсынан 2020-2023 жылдары аралығында 28 педагог өткен, 6 педагогтың педагогикалық стажы 5 жылға дейін, яғни біліктілік арттырған педагогтардың үлесі 100%. Барлық педагогтар 2023 жылдың сәуірінде медициналық тексерістен өткендігі туралы ақпарат берілген.</p> <p>ҰББДҚ келісе, ғимарат 1990 жылы салынған, типтік, 320 орын. 4-қосымшада жабдықтар балаларда қалыптастыратын дағдылар және әр жаст топтары бойынша берілген, пирамидалар, робототехника конструкторлары, шахмат, дойбы, легио-конструкторлар, фланелеграф, лупа, пайдалы қазбалар жиынтығы, қуыршақ театры, гимнастикалық ағаш, гимнастикалық қабырға, скакалка, гимнастикалық отырғыштар, доптар, спорттық матрастар, кегли, массаж добы, балалар шаңғысы және т.б., музыкалық орталық, музыкалық аспаптар, Монтессори-педагогика элементтері мен дамытушы дидактикалық материал, Математикалық білімдік алыптастыруға арналған тақырыптар бойынша заттық суреттер жиынтықтары, үлестірмелі геометриялық пішіндер жиынтығы, фигуралы үлкен трафареттер, пазлдар, иллюстрация альбомдар, кітапшалар, ертегілер, және т.б. жабдықтар бар. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жабдықтар – бейнебақылау, дабыл нүктесі, арнайы күзету қызметі ұйымдастырылған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтар №70 бұйрығына сәйкес нормаларында көзделген мектепке дейінгі тәрбие мен</p> |

| | |
|----|---|
| | <p>оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру үшін оқу материалдарымен және жабдықтармен қамтамасыз етілгені анықталды.</p> <p>Ұсынылған 5-қосымшаға келісе, 312 атаудан тұратын оқу-әдістемелік кешендер әр жас тобы, ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша берілген. Қосымшада тәрбиеленушілерге арналған оқу әдістемелік кешендер, жұмыс дәптерлері, әдістемеліктер тізілген. 5-қосымша негізінде көрсетілген ақпараттық ресурстар мен кітапхана қоры «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылдың 22 мамыр №216 бұйрығына сәйкес келеді. Солайша, бөбекжайдың қызметі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының 9, 22, 18, 24, 25-тармақтарына сәйкес келеді.</p> |
| | <p>ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 4- тармағы 2 тармақшасына сәйкес келеді.</p> |
| 4) | <p>Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы.</p> <p>Сараптау нәтижесі: Талдауға ұсынылған 2021-2022 оқу жылының аталмыш балабақшада: «Қуыршақ» мектепалды даярлық тобында – 25 тәрбиеленуші, «Шаңырақ» мектепалды тобында – 16 тәрбиеленуші, «Ақбота» мектепалды даярлық тобында – 19 тәрбиеленуші тәрбиеленген. 2022-2023 оқу жылында «Балбөбек» мектепалды тобында-22 тәрбиеленуші, «Ақерке» мектепалды даярлық тобында – 22 тәрбиеленуші тәрбиеленген (5 жастағы балалар). Арналған Жеке даму карталары зерделенді. Балалардың дамуын бағалау мониторингі барлық жас топтарында жүргізіледі. Балалардың бағдарламалық материалды игеруін қадағалау: бастапқы (қыркүйек), аралық (қаңтар) қорытынды (мамыр) мониторинг қорытындылары бойынша жүргізіледі және бағалау индикаторлары, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы (27.08.2022 жылдың № 382), Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес. Жеке даму картасы, жыл соңындағы салыстырмалы талдау және жиынтық есеп жүргізіледі.</p> |

| | |
|----|--|
| | <p>Осылайша, мектеп жасына дейінгі 100% - ға әр бала үшін жеке даму карталары әзірленгені, сондай-ақ ұсынылған мониторинг бойынша жиынтық есептер мен жеке даму карталарында қанша бала зерттелгені, балалардың саны туралы мәліметтер бар екендігі анықталды. Мониторингте келтірілген индикаторлар үлгілік оқу бағдарламасының жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді.</p> <p>ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 20 тармағына сәйкес келеді.</p> |
| 5) | <p>Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы</p> <p>Сараптау нәтижесі: Талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерттеу арқылы барлық жас топтарында әр балаға жеке даму карталары бар екені көрінеді. 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы» бойынша бастапқы мониторинг жүргізілді. Әр топқа бастапқы мониторинг материалдары ұсынылды. Жүргізілген мониторинг негізінде баланың даму деңгейі мен іскерлігі анықталды. Оқу процесін жобалау кезінде әр баланың жасы мен жеке қабілеттері ескеріледі. Тізімдік құрамға сәйкес жеке даму карталары әзірленді. 2020-2021 оқу жылына 11 топтың бастапқы мониторингі ұсынылды. Сонымен қатар жеке даму карталары мен аналитикалық анықтамалары бар. Бірақ "Балбөбек" тобының аналитикалық анықтамасы жоқ. 2021-2022 оқу жылына 10 топ бастапқы мониторингке қатысқан. "Жұлдыз" тобындағы екі тәрбиеленушінің жеке даму карталары "Көбелек" тобы деп жазылып кеткен. 2022-2023 оқу жылында барлық топтарға бастапқы мониторинг материалдары ұсынылды. Әр тәрбиеленушіге даму картасы, балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын қортынды мониторинг нәтижесі бойынша аналитикалық анықтамасы, барлық жылдарға бастапқы мониторинг қорытындылары жасалған: 1 жас – 43 бала, оның ішінен 15 бала жоғары және орта деңгей-34%, 2 жас -57 бала, оның ішінен 36 бала жоғары және орта деңгей-63%, 3 жастан -74 бала, оның ішінен 49 бала жоғары және орта деңгей-66%, 4 жастан -65 бала, оның ішінен 50 бала жоғары және орта деңгей-76%, 5 жастан -39 бала, оның ішінен 32 бала жоғары және орта деңгей-82%.</p> <p>ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 6, 20 тармақтарына сәйкес келеді.</p> |
| 6) | <p>үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;</p> |

| | |
|----|---|
| | <p>Сараптау нәтижесі: талданатын кезеңге қорытынды мониторинг материалдары ұсынылды: әр білім беру саласы, әр тәрбиеленуші, әр топ қамтылған, анықтамалар жазылған. Мониторинг қорытындысы бойынша 2022-2023 оқу жылында әр топ әр тәрбиеленуші үшін жоғары, орта, төмен деңгейлер бойынша шығарылған.</p> |
| | <p>ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 6,20 тармақтарына сәйкес келеді.</p> |
| | <p>10. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын өлшемшарттар</p> |
| 1) | <p>МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;</p> <p>Сараптау нәтижесі: 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарға арналған жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері ұсынылды (ЖОЖ). ЖОЖ Қостанай қаласы білім беру бөлімінің басшысымен келісіліп, бөбекжай директорымен бекітілген. 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында ЖОЖ мемлекеттік тілдегі ерте жас, кіші, ортаңғы, ересек, мектепалды топтарына құрылған, апталық оқу жүктемесінің көлемі: ерте жас топтары 7 сағат; кіші жас топтары 9 сағат; ортаңғы топтарда 12 сағат; ересек топтарда 14 сағат; мектепалды даярлық топтарында 20 сағат және ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы: ерте жас топ 7-10 минут; кіші жас- 10-15 минут; ортаңғы топ – 15-20 минут; ересек топ – 20-25 минут; мектепалды даярлық тобы – 25-30 минутты құрайды. ЖОЖ білім беру салалары, ұйымдастырылған оқу іс әрекеті, апталық оқу жүктемесі, инвариантты және вариативті компонент, ең жоғары оқу жүктеме сақталған. ЖОЖ іске асыратын кестелер ұсынылды, ондағы жүктеме Үлгілік оқу жоспарлардағы оқу жүктемемен сәйкес келеді.</p> <p>2022-2023 оқу жылы ЖОЖ 14 топқа жеке құрастырылған. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша кіші жас топтарда «Дене шынықтыру» аптасына 3 рет, музыка аптасына 1 рет, ортаңғы топтарда «Дене шынықтыру» аптасына 3 рет, «Қазақ тілі» - 1 рет, «Музыка» - 1 рет, ересек топтарда «Дене шынықтыру» аптасына 3 рет, «Қазақ тілі» -1, «Музыка» - 2 рет, мектепалды топта Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті аптасына 20 сағат ұйымдастырылған: «Дене шынықтыру» аптасына 3 рет, «Сөйлеуді дамыту» 2 сағат, «Көркем әдебиет» – 2 сағат, «Қазақ тілі» - 2, «Сауат ашу негіздері»– 3 сағат, «Математика негіздері» -3сағат, «Қоршаған ортамен таныстыру» -2 сағат, «Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Құрастыру» - 1 сағат, «Музыка» - 2 рет. Сонымен қатар, күнделікті жүргізілетін іс-әрекеттер: дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка</p> |

| | |
|----|--|
| | көрсетілген. |
| | ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 22-тармағына сәйкес келеді. |
| | 11. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар: |
| 1) | балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау; |
| | Сараптау қорытындысы: 2022-2023 оқу жылындағы 14 топ жасақталған: кіші топтарға 2019-2020 жылы туылған балалар, яғни 2 жастағылар қамтылған; ортаңғы топтарда 2018-2019 жылы туылған балалар, яғни 3 жастағылар қамтылған; ересек топтарда 2017-2018 жылдары туылған балалар, яғни 4 жастағылар қамтылған, мектепалды топта 2016, 2017 жылғы балалар, яғни 5 жастағылар қамтылған. Яғни балалар жас топтарға жастары бойынша қалыптастырылған. Топтардың жасақталуы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен бекітілген жастарға сәйкес келеді. |
| | ҚОРЫТЫНДЫ: Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 25-тармағына сәйкес келеді. |
| 2) | тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау. |
| | Сараптау нәтижесі: 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарындағы тәрбиеленушілердің жастары бойынша келесі топқа көшірілген, бір топта екі жыл қатарымен, немесе бір топтың бағдарламасын игермей келесі топқа көшіру фактілері анықталған жоқ. |
| | ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 26-тармағына сәйкес келеді. |

Қорытынды: Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№11 бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес келеді.






Мемлекеттік аттестаттау нәтижесі:

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің «№11 бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны «аттестатталды».

Баға «жақсы».

2023 жылғы «15» қыркүйектегі аттестаттау комиссиясының хаттамалық шешімі негізінде.

Комиссия төрағасы
Комиссия мүшелері

| | |
|---|---------------------------|
|  | Игисинава А.Ш. |
|  | Аужанова Ж.Ж. |
|  | Аймухамбетова С.А. |
|  | Шаймерденова А.Н. |
|  | Шектыбаева Ш.М. |

| | | | | |
|---|--|------|---|---|
| 9 | Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау | 100% | 5 | 36 педагог қатысты, барлығы еңбек ету жағдайымен қанағаттанды |
| | Барлығы | | | |

Комиссия төрағасы: *М.Исмағұл* Игиснинова А.Ш.
 Комиссия мүшелері: *А.Жан* Аужанова Ж.Ж.
С.А. Аймухамедова С.А.
Ш.М. Шаймерденова А.Н.
Ш. Шектыбаева Ш.М.